

**ҚАЗІРГІ БІЛІМ
БЕРУ
КЕҢІСТІГІНДЕГІ
ОҚЫТУШЫНЫҢ
КӘСІБИЛІГІН
ЖЕТІЛДІРУ
ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ**
Чунетова Ж.Ж.



- Қазіргі кездегі білім берудегі басты мақсат-жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой - талғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.
- Сапалы білім беру дегеніміз - ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық, практикалық іске қабілетті, еңбекке баулу, дүниетанымын кеңейту және студенттің бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жан-жақты тұлға тәрбиелеу болып табылады. Оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі- сапалы білім беру.

- **Қазақстан Республикасы жоғары мамандандырылған білім беру жүйесі**
Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мынадай міндеттерді шешуге:
- *Бірінші*, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуге (интеграция);
- *Екінші*, педагог қызметкерлерді мәртебесін көтеруге;
- *Үшінші*, сапалы білім берудің қол жетімділік кепілдігін көтеруге;
- *Төртінші*, басқару және қаржыландыру жүйесін

- Ең алдымен, білім алуға үйрену қажет. Алайда, ғылыми прогреспен және экономикалық, әлеуметтік саладағы жедел өзгерістерді ескере отырып, жалпы мәдени білімді шектеулі пәндерді терең игеру мүмкіндігімен ұштастыру қажет болады. Жалпы мәдени деңгейдің биік болуы үздіксіз білім алуға апаратын тікелей баспалдақ деуге болады, өйткені, ол білімге күштарлықты туғызады және өмір бойы ізденуге ықпал етеді.

- **Екіншіден, жұмыс істеуге дағдылану керек.**
Мамандықты үнемі жетілдіру – кең мағынада жан-жақты жетілу – болжап болмайтын көптеген тосын жағдайлардан алып шығады. Мұндай тереңділік пен біліктілікке қол жеткізу үшін оқушылар мен студенттердің оқумен қатар, кәсіби және әлеуметтік салада жұмыс істеп, өз қабілеттерін сынай алмайтындай және тәжірибе алатындай мүмкіндіктері болуы қажет.

Қазіргі уақытта білім берудегі негізгі әлемдік тренд жасанды интеллект, машиналық оқыту және виртуалды шындықты қоса алғанда, соңғы технологияларды пайдаланатын жекелендірілген және бейімделген оқыту тәжірибесіне ауысу болып табылады. Бұл тенденция білім берудегі дәстүрлі бір өлшемді тәсілдер әрқашан жеке оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыра бермейтінін және технологияның неғұрлым бейімделген және тиімді оқу тәжірибесін қамтамасыз ету мүмкіндігі бар екенін мойындаумен негізделген.



Бұл студенттерге кез келген жерде және кез келген уақытта білім алуға, оқытуды жекелендіруге және оқу процесінің тиімділігі мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық технологиялар

- 1.** Білім беру платформалары
- 2.** Онлайн курстар

a, Жасанды
интеллект

b, Адаптивті бағалау

c, Онлайн
платформалар

d, Мобильді
қосымшалар

e, Деректерді талдау



Білім беруді технологиялық түрлендіру оқуға деген көзқарастарды өзгертетін және әлемде білім беруді дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ашатын негізгі жаһандық үрдістердің бірі болып қала береді.

• Қазіргі таңдағы оқытудың әдіс - тәсілдері өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңартылып, жаңаша ой-пікір пайда болды. Осыған байланысты оқытушылар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Ендеше қазіргі заманның ақпараттық технологиясын толық игеру міндеті тұр. Отандық генетикалық технологияларды дамыту және ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу еліміздің ғылыми-технологиялық бағыттарының приоритетті бағыттар қатарына жатады. Оның бір шешімдерінің бірі - жоғары білікті мамандарды дайындау және қайта даярлау, білім беру бағдарламаларын бейімдеу және бар бағдарламаларды жетілдіру, сонымен бірге талантты және дарынды жастарды генетиканы зерттеуге тарту болып табылады. Осыған байланысты молекулалық биология және генетика кафедрасында генетикалық пәндерді оқытуда интерактивті әдістер кеңінен қолданылуда. Тәжірибелік оқыту және кеңейту бойынша биологиялық объектілердің спектрі өсуде. Кафедрада жаңа тәсілдерді үйрету мақсатымен генетиканы оқыту әдістемесі жетілдіріліп әдістемелік құралдардың сапасы қайта қарастырылуда және генетикалық ғылыми зерттеу жұмыстарында математиканы қолдану бойынша модельдеу жұмыстары жүргізілуде. Кафедрада генетикалық пәндердің бағыттары бойынша оқытушы-зерттеушілер студенттерді ғылыми жұмыстарға тартады. Осылайша, студенттер генетика мен молекулалық биологияның, биотехнологияның қыр сырымен танысады.

- Инновациялық үрдіс қазіргі білім мен практиканың жалпы даму тенденциясына бағынады. Жүйелі пәнаралық байланыс, кешенді білімге сүйеніп, ізгілікке бет бұру теория мен практиканың қазіргі даму жолына сәйкес жүзеге асырылады
-

Дамыған елдердің
шетелдік жоғары
мектебінің ерекше
белгілері

* ашықтық;

* жоғары оқу орындарының ғылыммен және өндіріспен
тығыз қарым-қатынасы;

* жоғары білім деңгейі;

* оқытушылардың жоғары кәсібилігі;

* ЖОО мазмұнын ғылыми-техникалық прогрестің жаңа
жетістіктеріне бағыттау.



- Генетика мамандығы қызықты, әрі жоғары ақы төленетін, соңғы жылдары сұранысы үнемі артып келе жатқан мамандықтардың бірі. Бітірушілер мемлекеттік немесе жеке медицина салаларында, зертханалық генетикалық талдау орталықтарында жұмыс істей алады. Генетика мамандығының ішара ұқсас бағыттарын таңдау керек болса, онда кәсіби қайта даярлаудан өтуі мүмкін.
- Мамандықтың қиыншылығына медицинада генетика мен молекулалық биология, клеткалық және гендік инженерия салалары қарқынды дамып отырған сала болғандықтан әрдайым білімін арттыру және осы саладағы әлемдегі ең жақсы зертханалармен келісім шарттар мен ынтымақтастық орнату қажет. Біліктілікті арттыра отыра сұраныстағы жоғары ақылы маман болуға болады. Генетик мамандығын бітірген жастарға медицинада жұмыс істеу үшін кейбір медицинаның арнайыланған салаларда дәрігерлік білім қажет болады. Ондай жағдайда сол сала бойынша біліктілікті көтеру арқылы мамандықпен жұмыс істеуге болады. Кейде, керісінше, медик мамандары генетика мамандығы бойынша магистратураны бітіріп генетик дәрігер маманы бола алады.

Кемшіліктер:

- Дәстүрлі оқыту әдістемесінің білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруге кепілдік бермейтінін университет тәжірибесі көрсетіп отыр, сондықтан жаңартылған әдістемелік жүйені оқыту үрдісінде іске асыру үшін оны технологияландыру қажеттігі туындайды.
- Оқытушының алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Сол үшін үнемі оқытушыларға арналған әртүрлі білімін жетілдіретін курстар мен вебинарлар өте қажет. Сонымен қоса, еліміздің жоғары оқу орындарындағы оқытушылардың жұмыс уақытысын жоспарлау өзекті мәселенің бірі болып отыр. Өйткені қағазбастылық, алуан түрлі есептер, оқу жүктемесінің жоғары болуы мен білім беру сапасына қойылатын талаптардың күшеюі оқытушылық қызметті қиындататыны сөзсіз. Осының нәтижесінде оқытушының дамуы мен шығармашылық өсуі, дәлірек айтқанда, кәсіби біліктілігін арттыру мен ғылыми-зерттеу жұмыстары секілді аса маңызды істерге уақыттың жетіспеушілігі оқытушылар қауымдастығын алаңдатып отыр.

Оқытушыларға қойылатын талаптар:

